

Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы»
мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны

АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Орал қаласы

КЕЛІСІЛДІ

Орал қаласының
білім беру бөлімінің
басшысы
Туремуратова Ж.М.

« » 2017 ж.



БЕКІТЕМІН

Орал қаласы білім беру
бөлімінің «Оқушылар
сарайы» МКҚК директоры
Алманбетова С.Ж.

« » 2017 ж.



**Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК
қосымша ақылы білім беру қызметін көрсету туралы
Е Р Е Ж Е**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Орал қаласы білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК (бұдан әрі «Оқушылар сарайы») қосымша ақылы қызмет көрсету туралы ережесі (бұдан әрі «Ереже») Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.07.2009 ж. №1102 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызметтүрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен акшаны жұмсау Ережесіне», Балалар үшін қосымша білім беруді ұйымдастырудың типтік Ережесіне және Оқушылар сарайының Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже Оқушылар сарайының білім алушыларға және олардың ата-аналарына немесе өзге заңды өкілдеріне (бұдан әрі «тапсырыс беруші») қосымша ақылы білім беру қызметін ұсыну тәртібін және шарттарын анықтайды.

1.3. Қосымша ақылы білім беру қызметі білім алушылардың танымдық-шығармашылық сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

1.4. Қосымша ақылы білім беру қызметінің принциптері:

- әлеуметтік сұраныс шеңберінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, қосымша білім беру;
- оқушылар сарайын шығармашылық, әдістемелік және материалдық тұрғыда дамыту;
- экономикалық мақсаттылық пен тиімділікті арттыру;
- оқушылар контингентін жинақтау және ақылы қызмет құнын белгілеуде әлеуметтік факторларды есепке алу.

1.5. Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Қосымша ақылы білім беру қызметі – білім алушылардың сұранысы мен қызыушылығына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражатынан тыс көрсетілетін қызмет түрі.

Орындаушы - келісім шарт негізінде ақылы білім беру қызметін ұсынатын Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК.

Тапсырыс беруші - кәмелеттік жасқа толмаған азаматтар үшін тапсырыс беретін және қызмет ақысын төлейтін жеке тұлға. Тапсырыс беруші кәмелеттік жасқа толмаған азаматтар үшін қызмет ақысын төлеуге кепілдік беретін ата-анасының біреуі немесе өзге заңды өкілі болуы мүмкін.

Тұтынушы - тапсырыс берушінің тапсырысына сәйкес қосымша ақылы білім беру қызметін пайдаланушы кәмелеттік жасқа толмаған азамат.

**2. ҚОСЫМША АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ
ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ**

2.1. Қосымша ақылы білім беру қызметін көрсету Оқушылар сарайының Жарғысында қарастырылған.

2.2. Қосымша ақылы білім беру қызметі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын оқу жоспары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс қызмет түрлерін қамтиды.

- 2.3. Қосымша ақылы білім беру қызметі мемлекеттік тапсырысқа сәйкес бекітілген оқу жоспары бойынша белгіленген білім беру қызметінің орнын ауыстыра алмайды.
- 2.4. Қосымша ақылы білім беру қызметіне мыналар жатады:
- 2.4.1. қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімдері мен қызығушылықтарды дамыту) іске асыру;
- 2.4.2. оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс үйірмелер бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- 2.4.3. білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;
- 2.4.4. әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында спорттық шаралар, мәдени шаралар, семинарлар, кеңестер, конференциялар өткізу, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеу және тарату;
- 2.4.5. жазғы демалысты ұйымдастыру.
- 2.5. Қосымша ақылы білім беру қызметі Оқушылар сарайының әдістемелік кеңес отырысында қарастырылған, сарай директоры бекіткен, оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылады.
- 2.6. Білім алушыларға қосымша ақылы білім беру қызметтері ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің тілегі бойынша жеке кесте бойынша ұсынылады.

3. ҚОСЫМША АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- 2.1. Оқушылар сарайы тапсырыс берушіге қосымша ақылы білім беру қызметі туралы толық ақпарат ұсынады. Ақпарат төмендегілерді қамтиды:
- 3.1.1. оқушылар сарайының атауы және тұрған жері, білім беру құқығына иелігін растайтын анықтаманың болуы;
- 3.1.2. қосымша ақылы білім беру қызметінің түрлері, бағыттары және деңгейі, қызметті игеру мерзімі мен формасы;
- 3.1.3. қосымша ақылы білім беру қызметінің ақысы, қызмет ақысын төлеу тәртібі;
- 3.1.4. қосымша ақылы білім беру қызметі туралы келісім-шарт үлгісі;
- 3.1.5. үйірмелер кестесі;

4. ҚОСЫМША АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН РӘСІМДЕУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

- 4.1. Қосымша ақылы негізде қызмет көрсететін білім беру мекемелерінің және білім алушының, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.
- 4.2. Ақылы топтарға оқушыларды қабылдау сарай мен білім алушының, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің арасындағы келісім шарт негізінде іске асырылады.
- 4.3. Қосымша ақылы білім беру қызметі үшін төленетін қолма-қол ақша алу кассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылау-кассалық машиналарды қолдана отырып тараптардың қол жеткізген уағдаластықтары негізінде жүргізіледі.
- 4.4. Қосымша ақылы білім беру қызметі үшін төленетін ақының мөлшері көрсетілетін қызмет мазмұны мен сапасын, көлемін, ақылы қызмет көрсетуді жүзеге асыратын педагогтардың біліктілігі мен біліктілік санатына сәйкес жалақы мөлшерін есепке ала отырып, Орал қаласының білім беру бөлімінің келісімі бойынша оқушылар сарайы директорының бұйырығымен, әкімшілік хаттамасымен сәйкес анықталады.
- 4.5. Төлем ақы тапсырыс берушімен қосымша келісім жасалу арқылы жылына бір реттен асырылмай ұлғайту жағына өзгертілуі мүмкін. Кәсіпорын оқу жылы барысында өзіндік құнды ақтау үшін немесе бюджеттік қызметкерлердің айлық жалақысы көбейген жағдайда ақылы білім беру қызметін іске асыратын педагогтардың жалақысын көбейген жалақы мөлшерімен теңестіру мақсатында қызмет үшін жасалатын төлем ақыны көбейтуге толық құқылы.
- 4.6. Осы Ережеде көзделмеген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсетуге рұқсат етілмейді.

- 4.7. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түсетін қаражатқа салық салу тәртібі және салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер беру Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.
- 4.8. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түсетін қаражат ақша түсімдері мен шығыстардың жоспарлары бойынша жоспарланады және пайдаланылады.
- 4.9. Ақылы білім беру қызметтерін және өзге де қызметтерді көрсетуден түсетін қаражат сарай директоры айқындаған бірінші кезектегі іс-шараларды ескере отырып қатаң түрде нысаналы мақсат бойынша жұмсалады.
- 4.10. Қызметкердің жалақысы кәсіпорын директоры бекіткен штаттық кесте, келісім-шарт бойынша және қосымша білім беру педагогына оқушы санына қарай, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес төленеді.
- 4.11. Ақылы білім беру қызметтерін және өзге де қызметтерді көрсетуден түсетін қаражат келесі мақсаттарда жұмсалады:
- 4.11.1. Сарай директорының бұйрығына сәйкес еңбек жағдайының өзгеруіне және жұмыс көлемінің ұлғаюына байланысты әкімшілік мүшелерінің, педагогтардың, бухгалтерия қызметкерлерінің және техникалық жұмыскерлердің еңбекақысына қосымша ақы төлеуге және оларды ынталандыруға;
- 4.11.2. Педагогикалық процесті дамытуға және жетілдіруге;
- 4.11.3. Сарайдың материалдық базасын модернизациялауға және сарай ғимаратын, мүліктерін сақтауға.
- 4.12. Тұтынушы (оқушы) ұзақ уақыт денсаулығына байланысты сабаққа қатыспаған жағдайда 1 айға алдын-ала төленген ақша келесі айдағы қызмет ақысына ауыстырылады.
- 4.13. Тұтынушы (оқушы) себепсіз сабаққа қатыспаған жағдайда төленген ақша келесі айдағы қызмет ақысына ауыстырылмайды және қайтарылмайды.
- 4.14. Ақылы қызмет көрсететін педагогтар мен қызметкерлердің еңбекақысы айына бір рет нақты көрсетілген қызмет көлеміне байланысты төленеді.

5. ҚОСЫМША АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

- 5.1. Ақылы топтардағы оқыту процесі Орал қаласының білім беру бөлімінің бекіткен оқу жоспарына сәйкес сарай директоры бекіткен авторлық (құрастырылған) бағдарламалар негізінде іске асырылады.
- 5.2. Ақылы топтардағы оқушылар құқылы:
- 5.2.1. Көрсетілетін ақылы қызмет түрін, кестесін таңдауға және қажеттілікке сәйкес ауыстыруға;
- 5.2.2. Оқу бағдарламасы шеңберінде және сарай жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын барлық шараларға (лекция, практика, саяхат, кездесу, мәдени іс-шаралар, сайыстар, байқаулар, т.б.) қатысуға;
- 5.2.3. Сарайдың оқу-әдістемелік, интерактивтік және әлеуметтік-тұрмыстық инфраструктурасын пайдалануға;
- 5.2.4. Денсаулығына байланысты немесе басқа да нақты себеппен сабаққа қатыса алмаған жағдайда, жазбаша өтініш негізінде ақылы қызмет ақысын төлеуді тоқтатуға және академиялық демалыс алуға.
- 5.3. Ақылы топтардағы оқушылар міндетті:
- 5.3.1. Сарайдың Жарғысы және ішкі еңбек тәртібін сақтауға;
- 5.3.2. Сарайдың жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын мәдени және шығармашылық іс-шараларға қатысуға;
- 5.3.3. Келісім-шарт талаптарын орындауға;
- 5.3.4. Келісім – шартта көрсетілген ақылы қызметтің төлемақысын уақытында төлеуге;
- 5.4. Сарайда ақылы білім беру қызметі келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:
- 5.4.1. көркемдік-эстетикалық бағыт (хореография);
- 5.4.2. ғылыми-пәндік және техникалық бағыт (шет тілі);
- 5.4.3. спорттық бағыт. (бассейн, мұзда сырғанау, тир)

6. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

6.1. Аталған Ереже бойынша анықталған ақылы білім беру қызметін басқару функциясын Сарай директоры іске асырады. Ақылы білім беру қызметі бойынша қосымша штаттық кесте бекіту директордың құзырында.

6.2. Ақылы білім беру қызметіне жауапты тұлғаның негізгі қызметтері:

6.2.1. Құқықтық-нормативтік базаны қалыптастыру және орындалуын бақылау;

6.2.2. Ақылы білім беру қызметі бойынша штаттық кестенің жобасын жасап, бекітуге ұсыну, штаттық кестеге өзгерістер енгізу туралы ұсыныс беру;

6.2.3. Ақылы білім беру қызметін іске асыруға қажетті кадрды іріктеу және ауыстыруға қатысу;

6.2.4. Оқыту мазмұнын, формасын, кестесін реттейтін оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

6.2.5. Ақылы білім беру қызметінің төлемақы мөлшерін өзгертуге ұсыныс беру (оқу жылы барысында 1 реттен артық емес);

6.2.6. Ақылы білім беру қызметі шеңберіндегі оқыту процесінің тиімділігін бақылау;

6.2.7. Ақылы топтардағы оқушылар контингентін қалыптастыру және есеп жүргізу.

6.3. Ақылы қызметтің ақысын белгілеу, тапсырыс берушілердің төлемақы жасау тәртібіне қатысты сұрақтар және қаржылық бақылау бухгалтерияның құзырында.